

ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы: «ӨНЕР ФИЛОСОФИЯСЫ»

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Философия және өнер. Өнер – мәдениет феномені, оның тұлғалық және әлеуметтік қызметтері.
2. Негізгі эстетикалық категориялар: сұлулық – ұсқынсыздық, трагикалық-комедиялық, асқақ-төмен.
3. Антикалық эстетикалық ойлардың тарихы.
4. Араб-мұсылмандық және қайта Өрлеу дәуірінің эстетикасы.
5. Қазақ халқының сұлулық философиясы. Жырау және билердің шығармашылығындағы этикалық және эстетикалық бастамалары. Қазақ дәстүрлі музыкасының ерекшеліктері. Күй – қазақ өнерінің феномені.

Өнер бұл көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер терминінің қазіргі тілде екі мағынада - кең және тар мағыналарында қолданылады. Өзінің кең мағынасында өнер адамның барша шығармашылық жасампаз әрекетін білдіреді және бұл мағынада өндіріс те, тіпті дін де өнер формалары ғана болып табылады. Өзінің тар мағынасында өнер әртүрлі формалардағы көркем шығармашылық нәтижелері, үдерістері (бейнелеу өнері, музыка, поэзия) ретінде саналады.

Қазіргі түсінікте өнер – өзінді қандайда бір материалда эстетикалық құндылықтар белгілері бойынша көрсете білу. Сондай-ақ, «өнер» ұғымымен жалпы көркем шығармашылықты белгілеуге болады. Бұл шығармашылықтың немесе өнердің көптеген түрлері белгілі: әдебиет, сәулет, мүсін, кескіндеме, графика, сәндік-қолданбалы өнер, театр, музыка, балет, кино, би, цирк және т.б. Барлық осы түрлер адамның шығармашылық қызметін әлем бейнесінде шағылыстырады. Өнер - бұл сұлулық заңдары бойынша әлемді өзгертуге мүмкіндік беретін құрал. Өнер және сұлулық – бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар.

Бейне - бұл шығармашылық көрініс пен уайымның жиынтығы. Оған өнер мәнерлілік және эстетикалық құндылық береді. Көркем шығармашылықтың ерекшелігі мынадан тұрады: өнер адамы - суретші. Ол өзі дүниені қабылдау, ой тереңдігінің ашатын жаңа шығармашылық түр жасайды. Ол осы бейнелерді ойлайды.

Сондай-ақ, өнер құндылықтарының да техникаға тікелей қарым-қатынасы бар. Инженер, конструкторлар және т.б. үшін өнер туындылары мен техникалық бұйымдар арасында айтарлықтай ұқсастық бар. Суретші мен техник тамаша шебер, олардың қызметтерінің мақсаттары ғана әр түрлі болып табылады.

Эстетикалық категориялар - жалпы, іргелі ұғымдар. Бұл ұғымдар бір мезгілде эстетика категориясы және өнер философия категориясы болып табылады. Қазіргі уақытта эстетикалық категориялар деп оның бес жұбын айта аламыз:

- әсемдік – ұсқынсыздық,
- асқақтық – таяздық,
- қайғылы - күлкілі (әзіл-ысқақ, мысқыл, сатира),
- поэзиялық – прозалық,
- тұңғылықтық - үстіртін.

Антикалық дәуірде эстетиканың мазмұны мен пәнін анықтаудың іргелі тәсілі қалыптасты. Бастапқыда эстетика әлем бейнесінің бір элементтері ретінде қалыптасты. Ол пифагоршылдар және грек философтарының болмысында философиялық түсініктер ретінде орын алды. Софистерде эстетика әлемге құндылық қарым-қатынастың таза субъективті негізі ретінде қаралды. Олардың эстетикалық түсініктер негізінде релятивизм (салыстырмалы) жатты. Пифагор өзіне дейінгі ойшылдардың ілімдерінен ұлы тұтастықты жинақтайтын тірі байланысты іздеді. Ол өзіне ақиқатты анықтайтын жолды табуды, яғни өмірді әдемі бір үйлесімде түсінуді мақсат қойды.

Антикалық эстетика ежелгі грекиялық және римдік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Антикалық эстетиканың негізгі ерекшеліктерінің бірі оның космологизмі. Көне гректердің түсінуінше, ғарыш денелерінің қозғалысында болсын, орналасуында болсын өзіндік жарастық, үйлесімдік, гармония бар. Сол гармонияны адам өз әлемінен де, яғни өз қолынан жасап шығарған заттардан да табуға тырысады. Эстетикалық категория тұрғысындағы «гармония» ұғымы алғаш рет Пифагор мектебінде қарастырылды. Пифагор үшін болмыстың негізінде жатқан сан - тікелей гармонияға, ішкі үйлесімділікке, өлшемділікке сай. Өнер түрлері үшін де әсіресе музыка өзінің гармониялығымен адам жанын толғандырып, ғарыштық үйлесімдікті танытады.

Пифагор эстетикасын зерттеу қиын, себебі бізге Пифагор және оның мектебі туралы нақты мәліметтер жетіспейді. Пифагор эстетикасы антикалық классиканың абстрактілі жалпылық идеясы үшін тән құбылыс. Оның жүйесі сандық үйлесімділік туралы іліммен байланысты. Сандық үйлесімділік - бұл шексіз және шекті синтез. Жалпы болмысты түсіндіру, яғни:

- 1) симметриялы орналасқан және белгілі бір музыкалық сандық үнді (әуезді) ғарыш;
- 2) өзіндік сандық-үйлесімділік құрылымды барлық заттар.

Әл-Фарабидің ғылыми қызметі ортағасырлық араб-мұсылмандық гүлдену дәуіріне, яғни б.д. 10-шы ғасырдағы мұсылман ренессансына сәйкес келеді.

Әл-Фарабидің пікірінше, өнер дегеніміз адам туындысы, оның қызметі – адамға оның интеллектуалдық және моральдық қабілеттерін жетілдіруде пайдалы болу. Өнердің қайнар көзі болмыстың өзі болып табылады, ал оны жасаушы адам ғана

Қазіргі таңда Әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың қатынасы өзара терең көрсетілген.

Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен.

Арнайы эстетикалық еңбектер деп оның келесі трактаттарын айтуға болады: «Поэзия өнерінің канондары туралы», «Риторика», «Поэзия (өнері) туралы», «Бақытқа апарар жол», «Музыка туралы үлкен кітап», «Бақытқа жету туралы». Ғалымның эстетикалық көзқарастарын түсінуде ең маңызды әлемдік еңбегі Еуропада орта ғасырларда танымал болған және музыка теориясымен жалпы эстетикалық ойдың дамуына ерекше ықпал еткен оның «Музыка туралы үлкен кітабы» болып табылады.

Әл-Фарабидің эстетикалық көзқарастарынан терең мәні бар, әсемдіктің симметрия, мақсатқа сәйкестілік, пропорция, өлшем, үйлесушілік сияқты қасиеттерін сипаттауда, яғни әсемдік категориясының эстетиканың басқа категорияларымен байланысы ашылғанда көрінеді. Еліктеу, әл-Фараби бойынша, бірнеше аспектілерде: объективті шындықты бейнелеу мен талдап қорыту тәсілі ретінде де, кескінделгеннің мәнін білдіретін ұғым ретінде, болмысты тану үрдісін бейнелейтін форма ретінде де көрініс табады.

Антикалық дәстүрге сүйене отырып, ортағасырлық философтар көркем шығармашылық негізінде еліктеу жатқанын бекітті. Орта ғасырлық мұсылмандардың эстетикалық идеялары орта ғасырдағы еуропалық және Жандану (Орта ғасырлық эстетика, Жандану эстетикасы) эстетикасына айтарлықтай әсер етті.

Үш ғасырға (XIV, XV, XVI ғасырлар) созылған Ренессанс дәуірін тұтастай алғанда антикалық эстетика немесе антикалық мәдениет жандануы деп түсінуге болмайды. Ренессанстық дәуірде өнер жөніндегі түсінік заманауи тұрғыда қалыптасып, өнер теориясы, яғни, эстетика дамыды.

Қайта өрлеу мәдениеті мен өнерін зерттеушілер дүниенің ортағасырлық суретінің күрделі сынуы өнерде орын алатынын айқын көрсетті. «Готикалық натурализмнен» бас тарту, соның негізінде канондар мен геометриялық схемалар жатқан ортағасырлық шығармашылық әдіс тірі табиғаттың дәл қайта жаңғыруына, сезімдік тәжірибе мен адам қабылдауына сенімнің қалпына келуіне, көзқарас пен түсініктің бірігуіне негізделген жаңа көркем әдісті жасауға әкеледі.

Ренессанс өнерінің негізгі тақырыбы адам, адам оның рухани және дене күші үйлесімінде. Өнер адамның жеке басының қадір-қасиетін, адамның әлемді тануға шексіз қабілетін дәріптейді. Адамға деген сенім, тұлғаның үйлесімді және жан-жақты дамуы осы уақыт өнерінің айрықша ерекшелігі болып табылады.

Өнердің орталығында адам және табиғат орналасқан. Сол себепті, суретшілер мен мүсіншілер өмірдегі сан алуан байлықтарды тиісті молайту құралын іздеді. Ол үшін суретшілер математикаға, анатомияға, оптикаға жүгінді. Гуманистер өз уақытының білім деңгейіне сүйене кескіндеме, архитектура, мәдениет туралы көптеген трактаттар құрастырды. Өнердің мәні «табиғатқа еліктеу» ретінде анықталды. Адамды қоршаған әлем тамаша және үйлескен, сондықтан өнердің сызықтық перспектива, сәуле мен көлеңке, реңкілік түстер, пропорция сияқты техникалық проблемаларына үлкен көңіл бөлінді.

Қайта өрлеу дәуірінің атақты өкілдерінің бірі италияндық архитектор, өнер теоретигі, әдебиетші - Леон Батиста Альберти (1404-1472 жж.) еді. Ол өзіндік этикалық ілімді әзірлей отырып, сұлулық және көркем шығармашылық мәселелерін шеше білді. «Сұлулық - бөліктердің белгілі бір келісім мен үндестігі» деп дәріптеді. Үйлесімділікте ғана дүниенің бөлшектері реттелмек әрі бүкіл әлемде үстемдігін орнатқан. Өнердің міндеті сұлулықтың объективті негізін ашу және оларды басшылыққа алу. Әр өнердің үйлесімділігі тек қана өзіне тән элементтерді ретке келтірумен қорытындыланады.

Көркемдік тәжірибемен Леонардо да Винчи (1452-1519 жж.) эстетикасы байланысты болды. Оның эстетикалық тұжырымдамасы адамның ойлануына тәжірибе (сезім) басымдылығы туралы идеяға негізделген. Адам сезімінен де жоғары, барлық ғылым және өнердің дереккөзі көз болып табылады. Сұлулықты ол бірінші кезекте түсі, пішіні, композициясы, бөлшектердің қатынасымен көреді. Өнерлердің барлық түрлерінің ең жоғарғысына сәйкес кескіндеме ғылым болып табылады.

Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасы алдыңғы дәуір эстетикаларын заңды жалғастырушы идеясынан туындайды.

Қазақ халқының сұлулық қасиеттерін қазақ ойлауынан, атап айтқанда ақын-жыраулардың, билер мен шешендердің, Шоқан мен Ыбырай, Абай мен Шәкәрімнің қалың көпшілікке паш еткенін көреміз. Қазірдің өзінде талай елдерді философиялық көзқарастарының терең танымдылық қасиеттерімен таң қалдырған жырау, шешен, ділмарлардың поэзиялық рухани әлемі осынау мүлгіген кең-байтақ даланы ұйқысынан оятқандай әсер береді. Белгілі философ, мәдениеттанушы Қанат Нұрланова адам және әлем қатынасының терең тұжырымдық мәнін қазақтар «бұл дүние – біртұтас» деген көркемдік-образдық түрде көрсеткен дейді.

«Сондай-ақ жыраулық поэзияның ірі өкілдері Қазтуған мен Асан Қайғының, Доспамбет пен Шалкиіздің, Жиємбет пен Марғасқа жыраудың, Ақтамберді жырау мен Тәтіқара ақынның, Үмбетей мен Бұқар жыраудың, Көтеш пен Шал ақынның ел тұтастығын, қаһармандықты, туған елі-жері алдындағы парыздылықты, адами қадір-қасиет туралы терең мән-мазмұндағы туындылары сол өздері өмір сүрген уақыттың насихатшылары іспеттес рөлде ауқымды мәселелерді өжетті жыр жолдарымен ұлтымызға тән құндылықтар ерекшелігін, қасиетін көрсететін идеяны ту етіп көтерген. Демек, халқымызға тән ұлттық болмыс астарында әрқашанда мәңгілік құндылықтар жатады, әрі уақыт өте келе мән-мазмұны тереңдей түседі.

Қазақтарда адамға, табиғатқа, ғаламға қатынасының өмірлік мән-мазмұны «іштесу» ұғымымен тұжырымдалады. Пайымдау әлемге қатынас және әлеммен қатынасты қалыптастырудың дәстүрлі мәдениеті ретінде көп деңгейлі мазмұндылықты иеленеді. Ең алдымен оның табиғатпен, ғаламмен қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту тәсілі, әлемге қатынасы ретіндегі пайымдау туралы айтқан жөн, пайымдаудың өзіндік негізі, арқауы және мәнісі, әрі бір мезгілде оның нәтижесі – іштесу болып табылады. Іштесу қазақ тілінде оның түрлі деңгейін білдіреді: қарым-қатынас, келіп-кету, алыс-беріс, сіз-біздесу, араласу.

Іштесу — қарым-қатынас, жоғарыда келтірілген барлық мән-мазмұнды иеленеді, бірақ қатынас ұғымының анағұрлым терең мәнін қамтиды, оның жасырын ішкі, кейде тіпті айтып жеткізуге болмайтын сыртқары жан дүниесін жаулап, сырласушының құпиясына жетіп қалғандай күйді бастан кешеді. Алайда бұдан ұғымның әлемді танудағы жан-толғанысты, парасат деңгейі кемімейді. Сол себепті де бұндай қарым-қатынас — іштесу деп аталады, яғни жасырын бай ішкі жан дүниесі, рухани дүниесімен іштей сырласу. Бірақ мұндай қарым-қатынас дәрежесі үшін өзара ашықтық, шынайы өзара жайлылық, жүректің тулауы, өзара түсіністік және ешқашан таусылмайтын өзара білістік, яғни өзара қатынастың болуы шарт.

Бұл пайымдаушылық қатынасы, яғни ғаламның шексіздігін ескере отырып адамды басып тастамайтын, өзін жайсыз сезінбейтін әлемге қатынас ретінде, соның негізінде табиғатпен, ғарышпен бірге дамуды бастан кешу, мұндай қатынас адамды жігерлендіреді, өмірлік күш-қуат және сезімталдықты күшейтіп, оның рухын биіктетеді. Оған дәлел ретінде философиялық шығармашылықтың шынайы үлгісі болып табылатын күйлерін айтуға болады. Өнер - қай халықтың болмасын тарихымен бірге жасасып, жарасымдылықта дамудағы керемет сала. Көне дәуірден өнерге деген құлшыныс, оның түрлі бағыттарының қарғынды табиғи жолмен дамуына негіз салған болатын. Сол себепті де бабалар мұрасынан жеткен қазыналы дүниенің қоры жан-жақты.

Күй өнерін зерттеуші ғалымдарымыздың бірі А. Сейдімбек өз ойын былайша түйіндейді: «Қазақ күйлерінің ешуақытта себепсіз шықпайтыны - өзіндік дара сипаты күйге арқау болмайтын өмір құбылыстары жоқ. Қоршаған орта мен жан-жануарлар дүниесінен бастап, адамдардың мінез-бітімі, көңіл-күйі, батырдың ерлігі, шешеннің тапқырлығы, ел басындағы кесек тарихи оқиғаларға дейін күй тілінде және онымен қосарлана айтылатын аңыз-әңгімесінде баян етіле береді... Күй аңызының бұл ерекшеліктері халқымыздың тарихи аужайынан хабар берерлік ең мол, ең жанды шежіре екенін пайымдатады».

Әр өнер саласының мән-мазмұнынан ерте дүние тарихының беттерінен өте мол мағлұмат аламыз, бабаларымыздың өмір тарихынан шежіре ретіндегі рөлі зор. Халқымыз ерте дүние тарихынан рухани мәдениетіміздің аса бір құнды бағытының бірі - күй өнерін, оның мән-мазмұнын терең бағдарлай отырып, қадір тұта білген. Осы айтылғандардың негізінде, жоғарыда келтірілген мысалдарды зерделей отырып, талдасақ әр қайсысынан данышпандықпен жасалған ой қарымының, әрі өз ділі, рухани тіршілігімен астасқан ерекше кемеңгер ойшылдықтың өзіне ғана тән үрдісін бағдарлауға негіз бар.